

- 3 Платон. Государство. Законы. Политик. — М.: Мысль, 1998. — 798 с.
- 4 Dahl R. On democracy. — New Haven: Yale Univ. Press, 2000. — 224 p.
- 5 Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка: Т. 1—4. — М.: Русский язык, 1978. Т. 1. — 699 с.
- 6 Курашвили Б. П. Демократия // 50/50: Опыт словаря нового мышления / Под общ. ред. М. Ферро и Ю. Афанасьева. — М.: Прогресс, 1989. — 560 с.
- 7 Рассел Б. Философский словарь разума, материи и морали / Пер. с англ. — Киев: Port-Royal, 1996. — 368 с.
- 8 Берг-Шлоссер Д. Условия демократии // http://russia.ru/video/jar_6079.
- 9 Назарбаев Н. А. О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики: демократизация общества, экономическая и политическая реформа в новом столетии: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 1998. Сент.
- 10 Балаян А. А. Политический транзит в России: особенности и перспективы на современном этапе. — СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2006. — 110 с.
- 11 Шевко Ю. Культурная глобализация и проблемы перехода России к устойчивому развитию (роль элиты транзитного общества на этапе глобализации) // Экос-Информ. — № 11. — 2003. — С. 47–52.
- 12 Джефферсон Т. О демократии. — Л.: Лениздат, 1992. — 335 с.
- 13 Дюверже М. Политические партии / Пер. с франц. — М.: Академический Проект, 2000.- 538 с.

АДАМНЫҢ МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЗАНДЫҚ ТАБИҒАТЫ

*Қожахметов Ғ.З., з.ғ.д., профессор, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Бирманова А.И., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әрбір халықтың рухани бостандығы мен әрбір адамның рухани өмірі үшін мәдени құқықтар мен бостандықтар маңыздылыққа ие. Бұл құқықтар халықаралық құқықтық актілерде және Қазақстан Республикасының ішкі мемлекеттік актілерінде бекітілген. Бірақ та барлық ғалым-заңгерлер адамның бұл топтағы құқықтарының заңдық табиғатын танымайды, қазіргі таңда мәдени құқықтар мен бостандықтар туралы мәселелер Конституцияда және теорияда да аз қамтылған.

Мәдени құқық адамның рухани дамуын өрбітіп, өрістетуге бағытталады. Оған білім алуға, мәдени қазыналарды көруге, өнер мен техникалық жасампаздыққа, қоғамның мәдени өміріне еркін араласуға құқығы және т.б. жатады [1].

Адам құқықтары мен бостандықтары тұлғаның рухани және материалдық игіліктерге жетуінің құралы, биліктің механизмі, ерік білдірудің заңды түрі, өз мүдделерінің жүзеге асуының басты факторы екендігін де атап өткен орынды. Сонымен қатар, тұлғаның өзін-өзі дамытуының міндетті алғышарты, оның қоғамдағы орнын нақтылау, әрі артықшылықтарын көрсетудің бір түрі ретінде де сипаттауға болады. Сондықтан да дамыған, өркениетті мемлекеттер мен ұлттар, жалпы әлемдік қауымдастық - адам құқықтары мен оны қорғауды мемлекеттің прогрессивті дамуы мен гүлденуінің, тұрақтылық пен төзімділіктің әмбебап идеалды алғышарты ретінде қарастырады. Сол себепті қазіргі заманғы әлем осы бағыт бойынша қарқынды дамуда. Белгілі қоғам қайраткері Т. Джефферсон өз кезегінде «адамның туа біткен және ажырамас құқықтарынан басқа өзгеріске ұшырамайтын ештеңе жоқ» [2; 123] деген қанатты сөзін бекер қалдырмаса керек.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың заңдық табиғаты туралы Халықаралық пактіде баяндалған еді. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасы осы пактінің орындауы туралы баяндаманы бекіткен болатын.

Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының заңды табиғаты болып:

Біріншіден, адамның барлық негізгі (конституциялық) құқықтарының жалпы қасиеттері:

-тікелей әрекеттері (ҚР Конституциясының 12 бабы);

- ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (ҚР Конституциясы 1 бабы);

- жоғары дәрежедегі мемлекеттік қорғау және мемлекеттің қамтамасыз етуі (ҚР Конституциясы 11 бабы);

- пайда болуының ерекше негізділігі;

- жоғары заңдық күші бар мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерінде бекітілуі;

- ҚР Конституциясында бекітілуі.

Екіншіден, тек осы құқықтарға тән арнайы белгілердің болуы. Мәдени құқықтар адамның мәдени өмір әрекеттерінде және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған, соның ішінде тұлғаның шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Нақты мәдени топтың (топтардың) жекелендіруінде тұлғаның мәдени құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылуы азаматтық (жеке) құқықтар мен бостандықтарын да (ар-намыс бостандығы, ойлау бостандығы және т.б.) бағыт алады.

Мәдени құқықтар белгілі бір мәдени салада өмір сүретін және дамитын қоғамның, адамның табиғи мәні ретіндегі жалпы мәдени топтар үшін қалыптасқан мәдени құндылықтар болып танылады.

Мәдени құқықтарға: мәдениет жетістіктерін пайдалану құқығы, білім алу, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылық еркіндігі жатады.

Жекелеген авторлардың көзқарасы бойынша, кейбір мәдени құқықтарды жалпыға бағытталған адамның жеке құқықтары шегінде қарастыруға болады дейді. Біздің көзқарасымыз бойынша, өзінің мәдени құқықтарын жүзеге асыру болып, бір жағынан жалпы мүдде мен құндылықтарды біріктіретін мәдени қоғам мүшелері ретінде қарастырып, басқалай тұлғалық айрықша ерекшеліктерін тарататын, мүдделері мен өзін өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сол арқылы қамтамасыз етуге көмектесетін жеке мәдени құқықтарды көрсетуге болады. Әрбір адам мәдени бағдарлауды таңдауға құқық алуы керек. Мына жағдайларға аса назар аудару қажет деп есептеймін, себебі қазіргі уақытта мәдени құндылықтарға және мәдениет саласына деген ақпараттарға қол жетімділігі бола тұра, мәдени салада адамның өз - өзін жекелеуде және таңдау мәселесінде қиындық тудырады.

Қоғамның және ондағы жекелеген ұлттар мен этникалық топтардың дәстүрлері мен мәдениеттерінің сақталуы мен дамуын қамтамасыз ететін мәдени құқықтар әлеуметтік-экономикалық құқықтарға жатады. Қолданысқа еніп кеткен «мәдени құқықтар» сөзінің тілдік тұрғыдан дұрыс еместігі көзге түсетіндіктен, оларды «мәдени құндылықтарға үйрену құқығы» деп атау айтарлықтай дұрыс болар еді. Демек, мәдени құқықтар — ол: қоғамның мәдени өміріне қатысу, өнер туындыларын пайдалану құқығы, өзінің этникалық тобының дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тілін сақтау және дамыту құқығы [3]. Ана тілі мен төл мәдениетін пайдалану құқығы (19-бап).

Демократия жағдайында ірі халықтармен қатар саны аз халықтар да өз тілдері мен дәстүрлерін сақтау мен дамытуға тең мүмкіндік алады. Мәселен, Қазақстанда теле-радио хабарламалар мен ақпараттар қазақ және орыс тілдерінен бөлек, неміс, корей, ұйғыр, татар, әзірбайжан, украин, түрік тілдерінде таралады. Еліміздегі ұлттық бірлестіктер өз басылымдарын шығарып, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен фольклорларын сақтауға мүмкіндік алып отыр. Мектептерде білім беру ондаған тілдерде жүзеге асып отыр.

Мәдени құқықтар өнер туындыларына қол жеткізу мүмкіндігін қамтитынын ескерер болсақ, әрбір адам өз қалауымен театрлар мен мұражайларға, көрмелер мен кинотеатрларға бара алады. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану және ғаламтор кеңістігіне қосылу елдер арасындағы мәдени барыс-келістер мен ақпарат алмасу көкжиегін ұлғайта түсері сөзсіз. Қазіргі күнде ірі мәдени ошақтар мен қалалардан алыс жерде өмір сүре отырып та сауатты адам болуға болады. Ол үшін сол аумақта бар қол жетімді өркениет жетістіктерін пайдалана білу қажет.

Әр адамның еркін шығармашылық құқығы болуы тиіс. Ол адамның өзін қоршаған дүние мен құбылыстарды индивидуалдық қабылдауына сүйене отырып, өнер туындыларын жасай алу мүмкіндігін білдіреді. Мәселен, демократиялық емес мемлекеттер суретшілердің шығармаларына әртүрлі талаптар қоя алады. Өткен ғасырдың 60 жылдарында кеңестік жүйеде коммунистік партияның талаптарына сәйкес келмейтін суретшілердің көрмелерін өткізуге тыйым салынған болса, Гитлер билігі тұсындағы Германияда билікке ұнамаған кітаптарды өртеп жіберу кең қолданылатын. Социалистік даму жолын таңдаған сол кездегі Югославия, Чехословакия мен Румынияның бірқатар жазушыларының еңбектері тек шетелдерде ғана жарық көрді. Кейіннен Чехия президенті болған Вацлав Гавелдің өзі «өркендеген социализм» тұсында өзінің шығармашылық қызметі мен құқыққорғау ұйымдарының жұмыстарына қатысқаны үшін біршама уақыт түрмеде де отырып шыққан болатын.

Азаматтардың білім алу құқығы (30бап). Мемлекеттік оқу орынындарында тегін білім алу конкурстық негізде болады. Білім алу құқығының біраз жәйттері бар. Негізінен, орта білім алу міндетті болып табылады. Ол бір жағынан, жасөспірімдердің осындай деңгейде білім алуларын білдіреді. Егер адам жоғары сыныптарда, училищелерде, техникумдарда, университеттерде оқығысы келсе, оның талабына ешкімнің тосқауыл қоюға құқығы жоқ. Әрине адам өзінің білім алу құқығын жүзеге асыру үшін «күресуі» керек – емтихан тапсыруы, конкурс бойынша өтілуі тиіс. Олар мемлекеттік арнаулы оқу орындарында (техникумдарда, институттарда, университеттерде және т.б.) азаматтар тегін оқиды,

егер «жақсы» және «үздік» оқыса стипендия төленеді, ал шетелдік студенттерге жатақхана беріледі. Студенттер мен оқушылар сабақтан бос уақыттарында жұмыс істеуге, қосымша арнаулы білім алуға құқылы. Яғни жеке бастамасына толық еркіндік беріледі.

Әрине, оқушылар мен студенттер құқыққа ғана ие емес. Республиканың білім және жоғары білім туралы заңдарына сәйкес, оқушылар мен студенттердің міндеттерінде көзделген. Оқушылар мен студенттердің міндеті – беріліп оқу, терең білім алуға ұмтылу, алған білімді практикада қолдану білу, оқу орнының ішкі тәртібінің ережелерін сақтау.

Сонымен бірге олардың абыройлы борышы – ізгі мұраттарға тәрбиеленген мәдениетті адам болып шығу. Оқу орнына мынадай басты міндеттер жүктеледі:

- Рухани қуаты мен талантының жарқырап көрінуіне, ізгі дәстүр негіздерін қалыптастыруға, әр адамның дүниетанымын кеңейтуге жағдай жасау;

- Азаматтылыққа, оқушылардың отбасы, қоғам мен мемлекет алдындағы өзінің борышын, қоғамның мәдени, саяси өміріне қатысу қажеттігін түсінуіне тәрбиелеу;

- Оқушылардың қазіргі заманға деңгейде жалпы және арнаулы білім алуына жағдай жасау;

- Өзінің ұлттық жалпыадамзаттық мәдениетті зерттеп, халықтық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді меңгеруіне жағдай жасау [4, 123].

Білім берудің мемлекеттік жүйесімен бірге Конституция жеке білім беру жүйесін: мектептер, колледждер, университеттер және басқа оқу орындарын ашуға рұқсат етеді. Жеке білім беру жүйесі жеке адамдардың қаржысымен құрылады. Жеке оқу орындарында білім ақылы түрде беріледі. Оларды мемлекеттік органдар емес, оны құрудың бастамашылары басқарады. Олар білімді көлемі жағынан да, деңгейі жағынан да тиісті мемлекеттік оқу орындарынан аз және төмен бермеуі тиіс. Тек сондай жағдайда ғана оларды ашуға және қызмет істеуіне рұқсат етіледі, олардың куәліктері мен дипломдарының сонда ғана заңдық күші болады. Сөз жоқ, мемлекеттік және жеке оқу орындарында бәсекелестіктің болуы түсінікті. Мұнда бәсекелестік оқушылардың білімін жақсартып, тереңдетуіне ықпал етуі тиіс. Әрине, адамдар мемлекеттік оқу орнындағымен салыстырғанда терең және түбегейлі білім алу үшін ақылы түрде оқиды. Сондықтан, мемлекет, бәсекеге беруі үшін, өздерінің оқу орындарының қызметкерлеріне қолайлы жағдай туғызып, білім сапасын көтеруі қажет.

Азаматтардың көркем, ғылыми және техникалық шығармашылық құқығы туралы да айта кеткен жөн. Мемлекет азаматтардың рухани шығармашылыққа ұмтылысын қолдайды. Ұлттық Ғылым Академиясында, университеттерде, ғылыми орталықтарда мемлекеттің қолдауына сүйенген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Екінші жағынан, мемлекет азаматтардың өнертапшылыққа, жаңалық ашуға, ғылыми еңбектер мен көркем шығармаларға авторлық құқығын қорғайды.

Мәдени құқықтар субъективті құрамына байланысты екі топқа бөлуге болады:

1) Жеке мәдени құқықтар (білім алу құқығы, мәдени өмірге қатысу құқығы, мәдениет жетістіктерін пайдалану құқығы, ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы, мәдени өмір туралы ақпаратқа құқығы, шығармашылық бостандық). Олар:

- туылған сәттен бастап беріледі (адамның табиғи құқықтары);

- тұлғаның жеке мүддесі көрініс табады (мәдени өмірді, құндылықтарды, тілді таңдау құқықтары);

- жеке бостандықтарды жүзеге асыруға бағытталады.

2) Ұжымдық мәдени құқықтар (халықтың, ұлттың және басқа да этникалық топтардың ұлттық – мәдени даралық құқықтары; ұлттық мәдениетті сақтау және дамытуға құқықтары, ана тілін пайдалануға құқықтары). Олар:

- ұжымның немесе белгілі бір қоғамның мүддесінің қалыптасу өлшеміне сәйекс пайда болады, табиғилық болмайды;

- ұжымдық қалыптасудың мүддесі мен мақсатын айқындайтын басқа да сапа құндылықтары болады;

- этникалық топтардың жекелеген мәдениетінің арнайы жалпы мүдделері қарастырылады (мәдени қауымдастық ретінде өзін сәйкестендіру, ұлттық –мәдени даралықты сақтау, ұлттық мәдениетті дамыту);

- ұжымдық бостандықты жүзеге асыруға бағыттау [5; 29].

Тұлғаның мәдени құқығының ерекшеліктері – бұл олардың ұжымдық мәдени құқықтармен тығыз бөлінбейтін байланысы және оларды жүзеге асырудың өзара шарттылығы.

Тұлғаның мәдени даралығын жүзеге асыру нақты топтардың мәдени даралығын танудан бөлінбейді.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 27 бабына сәйкес, этникалық, діни және тіл азшылығы бар елдерде, осындай азшылық құрамындағы адамдар өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтыну, дінінің салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс делінген [6]. Бұл дегеніміз индивидтер мен мәдени топтардың мәдени құқықтары және мүдделері өзарабайланыста, барлық адамзатты қамти отыра одан әрі жалғасын табуда. Академик Лихачев Д.С. айтқандай: «мәдени құндылықтарды ашық саналы түсіну керек, себебі олар халықпен жинақталған ол ешқандай мұрағатқа да, ведомстваға да, тіпті жекелеген мемлекетке де жатпайды. Олар барлық адамзатқа тиесілі». Лихачев Д.С. мәдениетті тұтас құбылыс ретінде қарастырады: «мәдениеттің мәдени типтері бар (мысалы, ұлттық), формациясы-мәдениетте шек жоқ, басқа мәдениетпен өзара байланысады, тұтасады» [7, 243] деген көзқарасын дұрыс деп санаймын.

Қазақстан Республикасының Конституциясында барлық азаматтардың, ұлттардың, халықтардың бостандығын, құқықтарын, мәдениетін, тілін қорғауға мемлекет кепілдік береді — деген. Осы саясатты іске асыру үшін ұлттар Ассамблеясы құрылды, оның жұмысын басқаратын комитеттің құрамында барлық ұлттардың өкілдері бар.

Мемлекеттің өкілетті органдарында, құқықтық нормаларда мәдени-ағарту мекемелерінің, көркем өнерпаздар ұжымдарының, халық театрлары мен ән-би ансамбльдерінің, мәдениет мектептерінің жұмысы, тілек-талаптары жиі талқыланып, мемлекетіміздің мүмкіншілігіне сәйкес іс-әрекеттер жасалып, тиісті нормативтік нормалар қабылдануда. Еліміз экономикалық дағдарыстан шығып, нарықты экономикалық жүйені толық қалыптастыру процесі аяқталса, мәдениет мәселесі мемлекет пен құқықты қызметінің негізгі бағытына айналады.

Өйткені мәдениеті төмен дәрежедегі елдер өркениетті елдер қатарына кіре алмайды. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының Конституциясында ашық айтылған.

Еліміздің өтпелі дәуірдегі саяси-әлеуметтік негізі мен болашағы «Қазақстан-2050» стратегиясында нақтылы бағдарланған [8]. Ол республикадағы ұлттардың өзіндік сұраныстарын зерттеуге, олардың дамуына қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларын жүзеге асыру жолдарын айқындаған құжат. Бұл орайда мемлекеттік органдардың қызметі әуел бастан халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға, олардың рухани бірігуіне және татулығына бағытталғаны маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылы 30 тамыз. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. Хабриева Т.Я. Национально-культурная автономия: современные проблемы правового регулирования // Журнал российского права. – 2002. – № 27. – С.15-18.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы баяндаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 маусымдағы N 892 Қаулысы. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090000892_
4. Лукашева Е.А. Права человека. - М.: НОРМА–ИНФРА, 2001. -573 с.
5. Поленина С.В. Мультикультуризм и права человека в условиях глобализации // Государство и право. - 2005. - N 5. – С.29-33.
6. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091_
7. Лихачев Д.С. Воспитать в себе гражданина мира. В.сб.:Лихачев Д.С. Я вспоминаю.- М.:Гелеос, 1991. - 412 с.
8. «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.inform.kz>